

Құрметті Клиенттер!

Осы арқылы Сіздерді 2014 жылғы 01 шілдеден бастап АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңы (**Foreign Account Tax Compliance Act, бұдан әрі – FATCA**) қолданысқа енгізілетіні туралы хабарландырамыз. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы АҚШ-пен FATCA талаптары бойынша Үкіметаралық келісімге қол қою жұмысын жүргізуде.

FATCA шетелдік қаржы институттарында ашылған (АҚШ қаржы институттарын қоспағанда) банктік шоттарға ие американдық салық төлеушілердің салық төлеуден жалтаруына қарсы әрекет етуге бағытталған.

FATCA АҚШ бейрезиденттері – қаржы институттарынан (яғни американдық банктерден басқа барлығы) белгілі бір қаржылық шоттарға тікелей немесе жанама ие **американдық салық төлеушілерді (АҚШ персонасы)**¹ сәйкестендіруді және тиісті ақпаратты АҚШ-тың Салық қызметіне (IRS) беруді талап етеді.

FATCA шеңберіндегі бақылау объектілері – американдық салық төлеушілер (жеке және заңды тұлғалар) – **АҚШ персоналары** ашқан банктік шоттар.

«Еуразиялық банк» АҚ АҚШ-тың IRS сайтында FATCA талаптарын орындайтын қаржы институты ретінде тіркелді. FATCA талаптарын орындау шеңберінде Банк банктік шот ашушы барлық клиенттерді тиісті тексеруге және осындай тұлғаларды анықтаған жағдайда АҚШ-тың Салық қызметінің атына осындай тұлғалар мен олардың шоттары туралы ақпарат жіберуге міндетті.

Банк клиенттерге қызмет көрсету барысында АҚШ персонасын келесі критерийлер бойынша анықтауға міндетті:

- АҚШ азаматтығының болуы;
- Туған жері АҚШ аумағында;
- Тұратын мекенжайы, тіркеуі АҚШ аумағында;
- АҚШ-та тіркелген телефон нөмірі;
- Клиенттің қаражатты АҚШ қаржы институттарында ашылған шоттарға аудару туралы тапсырмасының болуы;
- АҚШ аумағында тұратын жеке тұлғаға берілген қол қою құқығы;
- Шот үшін жалғыз мекенжай - "беру үшін" немесе "талап етілгенге дейін».

FATCA талаптарын орындау шеңберінде Банк келесі жағдайларда салықты АҚШ-тың Салық қызметінің пайдасына АҚШ-та төлем көздерінен алынатын табыстар болып табылатын клиенттердің келесі төлемдерінің/аударымдарының сомасынан 30% мөлшерінде мәжбүрлі ұстап қалуға міндетті:

1) қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін төлем/аударым (АҚШ-тағы төлемдерден түсетін табыс (пайыздар, дивиденттер, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, соның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түсетін түсім)²;

2) өзінің резиденттік мәртебесін хабарлаудан бас тартқан тұлғаның жоғарыда аталған төлемдері (азаматтығы, салық резиденттігі, жарғылық капиталда 10 және одан артық пайызға ие заңды тұлғаның түпкілікті бенефициарлық меншік иелері, АҚШ персонасына тиесілігін/тиесілі еместігін растайтын басқа да белгілер).

¹ **АҚШ персонасы** (АҚШ-тың белгілі бір тұлғасы) – АҚШ-та тұруға ықтиярхаты бар жеке тұлғаларды қоса, АҚШ-тың азаматы немесе резиденті болып табылатын жеке тұлға, Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың немесе штаттардың бірінің заңдарына сәйкес тіркелген серіктестік немесе корпорация; немесе траст, егер: 1) ол Құрама Штаттардың соттарына бағынса 2) АҚШ-тың бір немесе одан артық Тұлғаларының осы трастың барлық негізгі шешімдерін немесе Құрама Штаттардың азаматы немесе резиденті болған қайтыс болған тұлғаның мүлкін бақылауға өкілеттіктері болса, АҚШ-тың Салық кодексінде қарастырылған корпорацияларды қоспағанда.

² **Қатыспайтын қаржы ұйымы** – АҚШ СВД сайтында тіркеуден өтпеген (Participating FFI түрі бойынша) және жаһандық сәйкестендіру нөмірін (GIN) алмаған және/немесе американдық шоттардың белгілері бар екендігі туралы ақпаратты жариялаудан жалтаратын (яғни FATCA талаптарын орындамайтын қаржы ұйымы) Қазақстан Республикасының қаржы ұйымы (мысалы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, соның ішінде банк немесе сақтандыру ұйымы).